



BOSCH

PRO

GVF18VH-1300


Robert Bosch Power Tools GmbH
70538 Stuttgart
GERMANY

www.bosch-pt.com

1 609 92A G9Z (2026.06) PS / 15



1 609 92A G9Z





kk Пайдалану нұсқаулығының
түпнұсқасы











Қазақ Бет 6



<https://eu-doc.bosch.com/>







Қазақ

Еуразия экономикалық одағына (Кеден одағына) мүше мемлекеттер аумағында қолданылады

Сәйкестікті растау жайлы ақпарат қосымшада бар.
Өнімді өндірген мемлекет туралы ақпарат және
өндірілген мерзімі өнімнің корпусында көрсетілген.
Импорттерге қатысты байланыс ақпарат өнім
қаптамасында көрсетілген.

Өнімді пайдалану мерзімі

Өнімнің қызмет ету мерзімі 7 жыл. Өндірілген мерзімнен
бастап (өндіру күні зауыт тақтайшасында жазылған)
істетпей 5 жыл сақтағаннан соң, өнімді тексерусіз
(сервистік тексеру) пайдалану ұсынылмайды.

Қызметкер немесе пайдаланушының қателіктері мен істен шығу себептерінің тізімі

- тұтқасы мен корпусы бұзылған болса, өнімді пайдаланбаңыз
- өнім корпусынан тікелей түтін шықса, пайдаланбаңыз
- тоқ сымы бұзылған немесе оқшаулаусыз болса, пайдаланбаңыз
- жауын – шашын кезінде сыртта (далада) пайдаланбаңыз
- корпус ішіне су кірсе құрылғыны қосушы болмаңыз
- көп ұшқын шықса, пайдаланбаңыз
- қатты діріл кезінде пайдаланбаңыз

Шекті күй белгілері

- тоқ сымның тозуы немесе зақымдануы
- өнім корпусының зақымдалуы

Қызмет көрсету түрі мен жиілігі

Әр пайдаланудан соң өнімді тазалау ұсынылады.

Сақтау

- құрғақ жерде сақтау керек
- жоғары температура көзінен және күн сәулелерінің әсерінен алыс сақтау керек
- сақтау кезінде температураның кенет ауытқуынан қорғау керек
- орамасыз сақтау мүмкін емес
- сақтау шарттары туралы қосымша ақпарат алу үшін MEMCT 15150-69 (шарт 1) құжатын қараңыз

Тасымалдау

- тасымалдау кезінде өнімді құлатуға және кез келген механикалық ықпал етуге қатаң тыйым салынады
- босату/жүктеу кезінде пакетті қысатын машиналарды пайдалануға рұқсат берілмейді.
- тасымалдау шарттары талаптарын MEMCT 15150-69 (5 шарт) құжатын оқыңыз.

Қауіпсіздік нұсқаулары



Барлық қауіпсіздік нұсқаулықтарын және ескертпелерді оқыңыз. Техникалық қауіпсіздік нұсқаулықтарын және ескертпелерді сақтамау тоқтың соғуына, өрт және/немесе ауыр жарақаттануларға алып келуі мүмкін.

Болашақ жұмыстар үшін қауіпсіздік нұсқаулықтары мен ескертпелерді сақтап қойыңыз.

- ▶ **Балаларды қадағалап тұрыңыз.** Осылайша балалардың желдеткішпен немесе зарядтағыш құрылғымен ойнамауын қамтамасыз етесіз.
- ▶ **Желдеткішті тазалау және техникалық қызмет көрсету жұмыстары балалардың тарапынан бақылаусыз орындалмауы тиіс.**
- ▶ **Осы желдеткішті 8 жастан асқан балалар және дене, сезім немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі немесе тәжірибесі мен білімі аз адамдар олардың қауіпсіздігі үшін жауапты адамның бақылауында болған немесе желдеткішпен қауіпсіз жұмыс істеу жөнінде нұсқау алып, қатысты тәуекелдерді түсінген жағдайда ғана пайдалана алады.** Кері жағдайда дұрыс пайдаланбау және жарақат алу қаупі туындайды.
- ▶ **Осы желдеткіш балалардың және дене, сезім немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі, тәжірибесі немесе білімі аз адамдардың тарапынан пайдалануға арналмаған.** Кері жағдайда дұрыс пайдаланбау және жарақат алу қаупі туындайды.
- ▶ **Ауа шығысын және ауа кірісін әрдайым бос ұстаңыз және үстін жаппаңыз.** Желдеткіш дөңгелегін бұғаттамаңыз және айналмалы желдеткіш дөңгелегіне ешқандай бөгде заттарды салмаңыз. Кері жағдайда желдеткіш қатты қызып, өрт тудыруы мүмкін.
- ▶ **Айналмалы желдеткіш дөңгелегіне ешқандай бөгде заттарды салмаңыз.** Өйтпесе олар сынуы, лақтырылуы және жарақат тигізуі мүмкін.
- ▶ **Желдеткішті ашық жалын немесе жарқыраған заттардың жанында пайдаланбаңыз.**
- ▶ **Желдеткішті қараусыз қалдырмаңыз.**
- ▶ **Желдеткішті ашық немесе зақымдалған желдеткіш қақпағымен пайдаланбаңыз.** Айналмалы желдеткіш дөңгелегі сізге жарақат тигізуі мүмкін.
- ▶ **Тек жеткізілім жиынтығындағы штепсельдік қуат блогын пайдаланыңыз.** Тек осылайша желдеткіштің қауіпсіз жұмысы қамтамасыз етіледі.
- ▶ **Желдеткіштің жалғағыш штекері розеткаға сәйкес келуі тиіс.** Штекерді еш жағдайда өзгертуге болмайды. Өзгертілмеген штекерлер мен жарамды розеткалар ток соғу қаупін азайтады.
- ▶ **Желдеткішті жаңбырдан немесе ылғалдан алшақ ұстаңыз.** Желдеткіш ішіне су кірсе, ток соғу қаупі артады.
- ▶ **Әр пайдалану алдында желдеткішті, кабель мен штекерді тексеріп шығыңыз.** Желдеткішті өз

бетінше аспаңыз және оны тек білікті маманға және түпнұсқа қосалқы бөлшектермен жөндеңіз. Зақымдалған желдеткіштер, кабельдер мен штекерлер ток соғу қаупін арттырады.

- ▶ Желдеткішті пайдаланбайтын, оны пайдалану әдісімен таныс емес немесе осы нұсқауларды оқымаған адамдарға желдеткішті пайдалануға жол бермеңіз.
- ▶ Егер қуат сымы бар желдеткішті ылғалды ортада пайдалану қажет болса, автоматты сақтандырығыш ажыратқышты пайдаланыңыз. Автоматты сақтандырығыш ажыратқышты пайдалану ток соғу қаупін азайтады.
- ▶ Кабельді желдеткішті тасу, ілу немесе штекерді розеткадан суыру үшін пайдаланбаңыз. Кабельді ыстықтан, майдан, өткір жиектерден немесе жылжымалы құрылғы бөлшектерінен алшақ ұстаңыз. Зақымдалған немесе оралған кабельдер ток соғу қаупін арттырады.
- ▶ Аккумуляторды өзгертпеңіз және аспаңыз. Қысқа тұйықталу қаупі бар.
- ▶ Аккумулятор зақымдалған немесе дұрыс пайдаланылмаған жағдайда, одан бу шығуы мүмкін. Аккумулятор жанып немесе жарылып қалуы мүмкін. Таза ауа ішке тартыңыз және шағымдар болса, дәрігердің көмегіне жүгініңіз. Бу тыныс алу жолдарын тітіркендіруі мүмкін.
- ▶ Аккумулятор дұрыс пайдаланылмаған немесе зақымдалған жағдайда, аккумулятордан сұйықтық ағуы мүмкін. Оған тиімеңіз. Кездейсоқ теріге тигенде, сол жерді сумен шайыңыз. Сұйықтық көзге тисе, медициналық көмек алыңыз. Аккумулятордағы сұйықтық теріні тітіркендіруі немесе күйдіруі мүмкін.
- ▶ Шеге немесе бұрауыш сияқты ұшты заттар немесе сыртқы әсер арқылы аккумулятор зақымдануы мүмкін. Бұл қысқа тұйықталуға алып келіп, аккумулятор жануы, түтін шығаруы, жарылуы немесе қызып кетуі мүмкін.
- ▶ Пайдаланылмайтын аккумуляторды түйіспелерді тұйықтауы мүмкін қыстырғыштардан, тиындардан, кілттерден, шегелерден, винтерден және басқа ұсақ темір заттардан сақтаңыз. Аккумулятор түйіспелерінің арасындағы қысқа тұйықталу күйіктерге немесе өртке әкелуі мүмкін.
- ▶ Бұл аккумуляторды тек қана осы өндіруші өнімдерінде пайдаланыңыз. Сол арқылы аккумуляторды қауіпті, артық жүктеуден сақтайсыз.
- ▶ Аккумуляторлық батареяны тек өндіруші көрсеткен зарядтау құрылғысымен зарядтаңыз. Зарядтау құрылғысы белгілі бір аккумуляторлар түріне арналған, оны басқа аккумуляторларды зарядтау үшін пайдалану өрт қаупін тудырады.



Аккумуляторды, жылудан, сондай-ақ, мысалы, үздіксіз күн жарығынан, оттан, кірден, судан және ылғалдан қорғаңыз. Жарылыс және қысқа тұйықталу қаупі туындайды.

- ▶ Жылжымалы бөлшектердің ақаусыз жұмыс істеуіне және қысылмағанына, бөлшектердің сынбағана немесе зақымдалмағанына, желдеткіштің мінсіз жұмыс істеуіне көз жеткізіңіз. Желдеткішті пайдаланбас бұрын зақымдалған бөлшектерді жөндеңіз. Көптеген апаттарға нашар күтім көрсетілген өнімдер себепкер болады.



ЕСКЕРТУ! Полиэтилен пакеттерді әрдайым нәрестелер мен балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Полиэтилен пакеттер қауіпті болуы мүмкін. Тұншығу қаупі бар.

Өнім және қуат сипаттамасы

Пайдалану нұсқаулығының алдыңғы бөлшегінде берілген суреттерге назар аударыңыз.

Мақсаты бойынша қолдану

Желдеткіш бөлме ішінде және сыртында құрғақ жағдайларда желдетуге арналған.

Төнімді тропикалық климат жағдайларында пайдалануға болады.

Көрсетілген құрамдас бөлшектер

- (1) Тасымалдау тұтқасы
- (2) Желдеткіш бастиегі
- (3) Аккумулятор заряды деңгейінің индикаторы
- (4) Басқару түймесі
- (5) Аккумулятор бекіткіші
- (6) Аккумулятор^{a)}
- (7) Аккумуляторды босату түймесі^{a)}
- (8) Штепсельдік қуат блогы^{a)}
- (9) Ілгек
- (10) Қуат жалғағышының қаппағы
- (11) Қуат жалғағышы
- (12) Монтаждау ұясы
- (13) Білеу бекіткіші
- (14) Штатив бекіткіші

a) Бейнеленген немесе сипатталған жабдықтар стандарттық жеткізу көлеміне кірмейді.

Техникалық деректер

Аккумуляторлық желдеткіш **GVF18VH-1300**

Өнім нөмірі

3 601 JU1 0..

Аккумуляторлық желдеткіш		GVF18VH-1300
Макс. ауа мөлшері	м ³ /сағ	1300
Ауа ылғалдылығының диапазоны		Конденсациясыз
Салмағы ^{A)}	кг	2,8
Өлшемдері (ұзындығы × ені × биіктігі)	мм	302 × 210 × 438

Желі режимі

Штепсельдік қуат блогы (бұйым нөмірі)		1 619 XS0 801 1 619 XS0 827 1 619 XS0 828 1 619 XS0 829 1 619 XS0 83.
Қосылым		TT істікшелі ағытпасы (5,5 мм × 2,5 мм)
Шығыс кернеу	В	20

Аккумулятор режимі

Номиналды кернеу	V=	18
Зарядтау кезінде ұсынылатын қоршаған орта температурасы	°C	0 ... +35
Жұмыс істеу кезінде рұқсат етілетін қоршаған орта температурасы ^{B)}	°C	0 ... +50
Сақтау кезінде рұқсат етілетін қоршаған орта температурасы (желдеткіш)		-20 ... +70
Сақтау кезінде рұқсат етілетін қоршаған орта температурасы (аккумулятор)		-20 ... +50
Үйлесімді аккумуляторлар		GBA18V... GBA 18V... ProCORE18V... EXPERT18V... EXBA18V... CORE18V...
Ұсынылатын зарядтағыш құрылғылар		GAL18... GAL 18... GAL 36... GAL12V/18... GAL 12V/18... GAX 18... EXAL18...

A) Аккумуляторсыз (аккумулятор салмағын www.bosch-professional.com веб-сайтында қараңыз)

B) <10°C температураларында қуаты шектелген

Шуыл бойынша ақпарат

EN 60335-2-80 бойынша есептелген шуыл эмиссиясының көрсеткіштері.

Желдеткіштің амплитуда бойынша есептелген дыбыстық қысым деңгейі әдетте **70 дБ (А)** шамасынан кем болады. Шуыл деңгейі жұмыс барысында белгіленген шамалардан артық болуы мүмкін. **Құлақ қорғанысын тағыңыз!**

Энергиямен жабдықтау

Желдеткішті энергиямен жабдықтау **Bosch 18 В** литий-ионды аккумуляторы **(6)** немесе қуат жалғағышындағы **(11)** штепсельдік қуат блогы **(8)** көмегімен жүзеге асырылады.

Желі режимі (А суретін қараңыз)

- **Желдеткішті зақымдалған штепсельдік қуат блогымен пайдаланбаңыз.**
- **Желдеткішті энергиямен жабдықтау штепсельдік қуат блогы аккумулятордың салынған-салынбағанына қарамастан қосұлы болса, электр желісі арқылы жүзеге асырылады.**
 - Қуат жалғағышының қақпағын **(10)** ашыңыз.
 - Штепсельдік қуат блогының **(8)** кабелін қуат жалғағышының **(11)** ұясына салыңыз.
 - Штепсельдік қуат блогын электр желісіне жалғаңыз. Желдеткішті енді басқаруға болады.
 - Ластанудан қорғау үшін қақпақты **(10)** штепсельдік қуат блогының **(8)** кабелін алу кезінде жабыңыз.

Аккумулятор

Bosch аккумуляторлық желдеткіштерді аккумуляторсыз да сатады. Желдеткіштің жеткізілім жиынтығына аккумулятордың кіретінін қаптамадан анықтауға болады.

Аккумуляторды зарядтау

- **Тек техникалық мәліметтерде жазылған зарядтағыш құралғыларды пайдаланыңыз.** Тек осы зарядтағыш құрылғылар желдеткіштің ішінде литий-иондық аккумуляторға сәйкес келеді.

Ескерте: Литий-ионды батареялар халықаралық тасымалдау ережелеріне сәйкес ішінара зарядталған күйде жеткізіледі. Аккумулятордың толық қуатын пайдалану үшін оны алғаш рет пайдаланудан бұрын толық зарядтаңыз.

- **Желдеткіш автоматты түрде өшкеннен кейін, аккумуляторды желдеткіштен шығарып алыңыз.** Әйтпесе аккумулятор зақымдалуы мүмкін.

Аккумуляторды енгізу

Зарядталған аккумуляторды аккумулятор бекіткішіне тірелгенше енгізіңіз.

Аккумуляторды шығару

Аккумуляторды шығару үшін аккумуляторды босату түймесін басыңыз және аккумуляторды электр

құралынан тартып шығарыңыз. **Бұл ретте күш салмаңыз.**

Аккумуляторда, аккумуляторды босату түймесі байқаусызда басылып кеткенде, оның түсіп кетуінен қорғайтын 2 құлыптау деңгейі бар. Аккумулятор электр құралына орнатулы болса, оны өз орнында серіппе ұстап тұрады.

Желдеткіштегі аккумулятор заряды деңгейінің индикаторы

Желдеткіштегі аккумулятор заряды деңгейінің индикаторы, басқару түймесін басқан кезде, қолжетімді аккумулятор зарядын немесе артық жүктемені бірнеше секунд ішінде көрсетеді.

Жарық диоды	Қуаты
Үздіксіз жарық 3 × жасыл	76 – 100%
Үздіксіз жарық 2 × жасыл	41 – 75%
Үздіксіз жарық 1 × жасыл	16 – 40%
Баяу жыпылықтау 1 × жасыл	0 – 15%

Аккумулятор температурасы жұмыс температурасының диапазонынан тыс және/немесе артық жүктемеден қорғаныс жұмыс істеп қалса, заряд деңгейі индикаторының 3 жарық диоды жылдам жыпылықтайды.

Аккумулятор заряды деңгейінің индикаторы

Нұсқау: әр аккумулятор түрінде заряд деңгейінің индикаторы болмайды.

Аккумулятор заряды деңгейінің индикаторындағы жасыл түсті жарық диодтары аккумулятордың заряд деңгейін көрсетеді. Қауіпсіздік тұрғысынан заряд деңгейін электр құралының жұмыссыз күйінде ғана шақыруға болады.

Заряд деңгейін көрсету үшін заряд деңгейінің индикаторына арналған  немесе  түймесін басыңыз. Мұны аккумулятор шығарылғанда да орындауға болады.

Заряд деңгейінің индикаторына арналған түймені басқаннан кейін ешқандай жарық диоды жанбаса, бұл аккумулятордың ақаулы және оны ауыстыру керек екендігін білдіреді.

Аккумулятор түрі GBA 18V... | GBA 18V...



Жарық диоды	Қуаты
Үздіксіз жарық 3 × жасыл	60–100%
Үздіксіз жарық 2 × жасыл	30–60%
Үздіксіз жарық 1 × жасыл	5–30%
Жыпылықтайтын жарық 1 × жасыл	0–5%

Аккумулятор түрі ProCORE18V... | EXPERT18V... | EXBA18V... | CORE18V...



Жарық диоды	Қуаты
Үздіксіз жарық 5 × жасыл	80–100%
Үздіксіз жарық 4 × жасыл	60–80%
Үздіксіз жарық 3 × жасыл	40–60%
Үздіксіз жарық 2 × жасыл	20–40%
Үздіксіз жарық 1 × жасыл	5–20%
Жыпылықтайтын жарық 1 × жасыл	0–5%

Аккумулятордың бұзылу қаупін анықтау

EXPERT18V... | EXBA18V...

Аккумулятор заряды деңгейі индикаторының жарық диодтары аккумулятордың заряд деңгейіне қоса аккумулятордың бұзылу қаупін де көрсете алады.

Функцияны іске қосу үшін заряд деңгейінің индикаторына арналған түймені  3 секунд басып тұрыңыз. Аккумуляторды талдау процесі туралы аккумулятор заряды деңгейі индикаторының жылжымалы жарығы сигнал береді. Нәтиже аккумулятор заряды деңгейінің индикаторында көрсетіледі.



1 жарық диоды: аккумулятордың бұзылу қаупі жоғары. Қуат пен жұмыс істеу уақыты айтарлықтай азаюы мүмкін. Аккумуляторды алмастыруға кеңес беріледі.



5 жарық диоды: аккумулятор жақсы күйде және бұзылу қаупі төмен.

Назар аударыңыз: аккумулятордың бұзылу қаупін бағалау әрекеті екі кезең бойынша орындалады және аккумулятор күйін бағалаудың жеңілдетілген әдісін ұсынады. Аккумулятор не жақсы күйде болып бағаланады, не қатты бұзылу қаупіне ие болады. Батарея заряды деңгейінің пайызы көрсетілмейді.

Аккумуляторды оңтайлы пайдалану туралы нұсқаулар

Аккумуляторды сұйықтықтардан және ылғалдан қорғаңыз.

Аккумуляторды тек –20 °C ... 50 °C температура ауқымында сақтаңыз. Аккумуляторды жазда көлікте қалдырмаңыз.

Аккумулятордың желдету тесігін жұмсақ, таза және құрғақ қылшақпен мұқият тазалаңыз.

Пайдалану мерзімінің айтарлықтай қысқаруы аккумулятордың ескіргенін және ауыстыру керектігін білдіреді.

Қоқыстарды қайта өңдеу туралы нұсқауларды орындаңыз.

Жұмыс ұзақтығы

Аккумулятор	Макс. ауа мөлшерінде жұмыс істеу ұзақтығы [сағ]
GBA 18V 2,0Ah	1,1

Аккумулятор	Макс. ауа мөлшерінде жұмыс істеу ұзақтығы [сағ]
GBA 18V 5,0Ah	2,7
GBA 18V 15,0Ah	8,0

Пайдалану

► **Желдеткіште кез келген жұмыстар өткізбес бұрын (мысалы, монтаждау, тазалау және т.б.) және оны тасымалдау және сақтау кезінде аккумуляторды желдеткіштен шығарыңыз.** Ажыратқышты кездейсоқ басқан жағдайда, жарақат алу қаупі туындайды.

Қосу/өшіру (B суретін қараңыз)

- Желдеткішті қосу үшін басқару тұтқасын **(4)** сағат тілінің бағытымен (**MAX** айналу бағытымен) бұраңыз.
- Желдеткішті өшіру үшін басқару тұтқасын **(4)** сағат тілінің бағытына қарсы (**OFF** айналу бағытымен), шерту дыбысы естілгенше бұраңыз.

Желдеткіш жылдамдығын өзгерту (B суретін қараңыз)

- Желдеткіштің айналу жиілігін көтеру үшін басқару тұтқасын **(4)** сағат тілінің бағытымен (**MAX** айналу бағытымен) бұраңыз.
- Желдеткіштің айналу жиілігін төмендету үшін басқару тұтқасын **(4)** сағат тілінің бағытына қарсы (**OFF** айналу бағытымен) бұраңыз.

Желдеткіш бастиегін туралау (C суретін қараңыз)

Желдеткіш бастиегін 30° шамасына дейін алға қарай және 150° шамасына дейін артқа қарай еңкейтуге болады. Бұрылу ауқымының аясында ауа ағынын дәл туралау үшін желдеткіш бастиегінің 13 бекітілген позициясы бар.

- Желдеткішті туралау үшін оны тасымалдау тұтқасынан **(1)** ұстап алыңыз да, желдеткіш бастиегін **(2)** алға немесе артқа еңкейтіңіз.

Температураға тәуелді артық жүктемеден қорғаныс

Мақсатына сәйкес пайдалансаңыз, желдеткішке артық жүктеме түспейді. Асқын жүктелгенде немесе аккумулятор температурасы ұйғарынды мөлшерден асып кетсе, электроника желдеткішті тиісті температура диапазонына қайтару үшін автоматты түрде өшіреді.

Бекіту мүмкіндіктері

Желдеткішіңіз бірнеше ілу және монтаждау мүмкіндігін ұсынады. Орналасқан жеріңізге ең жарамды опцияны таңдаңыз.

- Желдеткішті ұстау немесе орналастыру үшін тасымалдау тұтқасын **(1)** пайдаланыңыз.

Желдеткішті ілу

Нұсқау: желдеткіш тік немесе көлденең күйде ілінуі мүмкін. Желдеткішті міндетті түрде оның жұмысына кедергі келтірмейтіндей іліңіз.

Ілгекке ілу (D–E суретін қараңыз)

- Ілгекті **(9)** саңылауынан толығымен тартыңыз. Қажет болса, ілгекті бұраңыз.

Нұсқау: ілгектерді, олар толықтай шығарылғанда ғана бұрауға болады.

- Желдеткішті тұрақты орынға іліп қойыңыз (максималды қалыңдығы **36** мм).

Монтаждау саңылауларына ілу (F суретін қараңыз)

- Екі бұранданы (бұранда бастиегінің диаметрі **4 – 6** мм **87** мм (тігінен монтаждау) немесе **130** мм (көлденеңінен монтаждау) арақашықтықта қабырғаға бұрап бекітіңіз.
- Монтаждау саңылауларының **(12)** ортаңғы бөлігін бұранда бастиектерінің үстіне орналастырыңыз.
- Бұрандалар монтаждау саңылауының тар бөліктеріне **(12)** кіріп, желдеткіш бекітілгенше, желдеткішті төмен қарай жылжытыңыз.

Желдеткішті монтаждау

Қарнақ бекіткіштерінің көмегімен қарнақтарға монтаждау (G суретін қараңыз)

Желдеткішті екі білеу бекітішінің **(13)** көмегімен білеуге (макс. диаметрі **20** мм) бекітуге болады.

- Білеу бекіткіштерін **(13)** білеу үстіне орналастырып, желдеткішті білеуге қарай жылжытыңыз.

Штатив бұрандасының көмегімен штативке монтаждау (H суретін қараңыз)

Штативті пайдалану бойынша нұсқаулар

- Ммонтаждалған желдеткішті штатив үстінде тек тік күйінде пайдаланыңыз.
- Штатив аяқтарын реттеп, штативтің тұрақты тұруын және ортаңғы бағанасының тігінен орналасуын қамтамасыз етіңіз.
- 3 кг шамасынан артық көтерімділігі бар штативті пайдаланыңыз.

Желдеткішті штативке монтаждау

- Желдеткіштің штатив бекіткішін **(14)** штативтің бекіткіш бұрандасы **(5/8")** арқылы орналастырыңыз және желдеткішті бекіткіш бұрандаға қойыңыз.

Нұсқау: желдеткіштің штатив бекіткіші **(14)** бекіткіш бұрандаға толығымен орналасатынына көз жеткізіңіз.

- Желдеткішті штативке бекіту үшін желдеткішті сағат тілінің бағытымен тірелгенше бұраңыз.

Техникалық күтім және қызмет

Техникалық қызмет көрсету және тазалау

► **Желдеткіште кез келген жұмыстар өткізбес бұрын (мысалы, монтаждау, тазалау және т.б.) және оны**

тасымалдау және сақтау кезінде аккумуляторды желдеткіштен шығарыңыз. Ажыратқышты кездейсоқ басқан жағдайда, жарақат алу қаупі туындайды.

Жақсы әрі сенімді жұмыс істеу үшін желдеткішті таза ұстаңыз.

Аккумулятор бұдан былай жұмыс істеуге жарамсыз болса, Bosch электр құралдарына арналған өкілетті қызмет көрсету орталығына жолығыңыз.

Желдеткішті және желдету саңылауларының торын жүйелі түрде тазалап тұрыңыз. Тазалау жиілігі пайдалану ортасы мен пайдалану ұзақтығына байланысты.

Желдеткіш бастиегінің ішін, пропеллерді және қозғалтқыш корпусының аймағын жүйелі түрде құрғақ сығылған ауамен үрлеп тазартып тұрыңыз.

Тазалау үшін таза шүберекті қолданыңыз. Желдеткішті еш жағдайда тежегіш сұйықтығымен, бензинмен, мұнай негізіндегі өнімдермен немесе қатты еріткіштермен тазаламаңыз.

Пластиктен немесе болат талшықтан жасалған тазалағыш төсемелерді қолданыңыз. Беткі температураға ұзақ мерзімді әсер етілуі мүмкін.

Желдеткішті еш жағдайда өткір және/немесе сызат түсіретін тазалағыш құралдармен тазаламаңыз.

Құрылғының үстіңгі бетіне зақым келтіруіңіз мүмкін.

Сақтау

Сақтау алдында аккумуляторды желдеткіштен шығарып алыңыз.

Желдеткішті құрғақ әрі салқын жайда, тікелей күн сәулесінен, ыстықтан және суықтан қорғалған күйде сақтаңыз.

Желдеткішті шаңнан қорғау үшін оны түпнұсқа орауышта сақтаңыз.

Тұтынушыға қызмет көрсету және пайдалану кеңестері

Қазақстан

Тұтынушыларға кеңес беру және шағымдарды қабылдау орталығы:

Роберт Бош (Robert Bosch) ЖШС

050012 Алматы қ.,

Қазақстан Республикасы

Мұратбаев к-сі, 180

"Гермес" БО, 7 қабат

Тел.: +7 (727) 331 86 00

Тел.: 8 8000 700 270

Сұрақтар қою және қосалқы бөлшектерге тапсырыс беру кезінде міндетті түрде өнімнің фирмалық тақтайшасындағы 10 таңбалы өнім нөмірін беріңіз.

Кәдеге жарату



Желдеткіштер, аккумуляторлар, керек-жарақтар мен орауыштарды қоршаған орта үшін қауіпсіз жолмен қайта өңдеу орнына тапсыру керек.



Желдеткіштер мен аккумуляторларды/батареяларды тұрмыстық қоқысқа тастамаңыз!

Тек қана ЕО елдері үшін:

Пайдалануға әрі қарай жарамайтын электрлік және электрондық құрылғыларды немесе пайдаланылған аккумуляторларды/батареяларды бөлек жинау және қоршаған орта үшін қауіпсіз жолмен кәдеге жарату керек. Белгіленген қоқыс жинау жүйелерін пайдаланыңыз. Қате жолмен кәдеге жарату құрылғы құрамындағы қауіпті болуы мүмкін заттерге байланысты қоршаған орта мен денсаулық үшін қауіпті болуы мүмкін.

(ЕО) 2023/2854 регламентіне сәйкес өнім деректері туралы ақпарат

Желіге қосылған өнімдер немесе қосылған қызметтер оларды пайдалану кезінде деректерді жасайды. Келесі тарауларда өнім туралы жасалған деректер және өнім деректеріне қалай қол жеткізуге болатыны туралы ақпарат берілген.

Өнім деректерінің түрі

Өнім пайдаланылған кезде келесі деректер түрлерін жасай алады. Жасалған нақты деректер өнімнің ағымжағы қолданылуына байланысты.

- Пайдалану уақыты
- Батареялар туралы ақпарат
- Құрамдас бөлшек температуралары
- Функцияларды белсендіру
- Істен шығу және қызмет көрсету оқиғалары
- Қолдану бойынша ақпарат

Өнім деректерін хаттамалау

Өнім деректерін жинау және деректерді сақтау туралы ақпарат:

- 1 кБ шамасынан аз өнім деректері хаттамаланады.
- Өнім қосылған кезде өнім туралы деректерді құрылғыда сақтай алады.

Деректерге қол жеткізу және деректер пішімі

Пайдаланушы деректерді қалай шақыруға немесе алуға болатындығы туралы ақпарат:

- Пайдаланушы өнімді Bosch қызмет көрсету орталығына жіберсе, пайдаланушы ЕО ішінде өнім деректерін Bosch Power Tools қызметі (электрондық мекенжай: **PT-Service.EU-DataAct@de.bosch.com**) арқылы сұрата алады және/немесе
- Егер өнім сымсыз интерфейсті қамтамасыз етсе, пайдаланушы сәйкес Bosch Power Tools мобильді қолданбасы арқылы өнім деректеріне тікелей қол жеткізе алады.
- Деректер жалпы қолданыстағы және машина оқи алатын пішімде (мысалы, JSON) беріледі.

Legal Information and Licenses

1 - Open Source Components

1.1 - CMSIS V5.9.0- Apache-2.0

Copyright (C) 2010-2021 ARM Limited or its affiliates. All rights reserved.

Licensed under the Apache License, Version 2.0 (the License); you may not use this file except in compliance with the License. You may obtain a copy of the License at

www.apache.org/licenses/LICENSE-2.0

Unless required by applicable law or agreed to in writing, software distributed under the License is distributed on an AS IS BASIS, WITHOUT WARRANTIES OR CONDITIONS OF ANY KIND, either express or implied. See the License for the specific language governing permissions and limitations under the License.

1.2 - AT32F011_Firmware_Library/project/at32f011_board V2.0.1 - BSD-3-Clause

Copyright (c) 2025, Artery Technology, All rights reserved.

Redistribution and use in source and binary forms, with or without modification, are permitted provided that the following conditions are met:

1. Redistributions of source code must retain the above copyright notice, this list of conditions and the following disclaimer.
2. Redistributions in binary form must reproduce the above copyright notice, this list of conditions and the following disclaimer in the documentation and/or other materials provided with the distribution.
3. Neither the name of the copyright holder nor the names of its contributors may be used to endorse or promote products derived from this software without specific prior written permission.

THIS SOFTWARE IS PROVIDED BY THE COPYRIGHT HOLDERS AND CONTRIBUTORS "AS IS" AND ANY EXPRESS OR IMPLIED WARRANTIES, INCLUDING, BUT NOT LIMITED TO, THE IMPLIED WARRANTIES OF MERCHANTABILITY AND FITNESS FOR A PARTICULAR PURPOSE ARE DISCLAIMED. IN NO EVENT SHALL THE COPYRIGHT HOLDER OR CONTRIBUTORS BE LIABLE FOR ANY DIRECT, INDIRECT, INCIDENTAL, SPECIAL, EXEMPLARY, OR CONSEQUENTIAL DAMAGES (INCLUDING, BUT NOT LIMITED TO, PROCUREMENT OF SUBSTITUTE GOODS OR SERVICES; LOSS OF USE, DATA, OR PROFITS; OR BUSINESS INTERRUPTION) HOWEVER CAUSED AND ON ANY THEORY OF LIABILITY, WHETHER IN CONTRACT, STRICT LIABILITY, OR TORT (INCLUDING NEGLIGENCE OR OTHERWISE) ARISING IN ANY WAY OUT OF THE USE OF THIS SOFTWARE, EVEN IF ADVISED OF THE POSSIBILITY OF SUCH DAMAGE.

2 - Common License

2.1 - Apache License 2.0 (Apache-2.0)

Apache License

Version 2.0, January 2004

<http://www.apache.org/licenses/>

TERMS AND CONDITIONS FOR USE, REPRODUCTION, AND DISTRIBUTION

1. Definitions.

"License" shall mean the terms and conditions for use, reproduction, and distribution as defined by Sections 1 through 9 of this document.

"Licensor" shall mean the copyright owner or entity authorized by the copyright owner that is granting the License.

"Legal Entity" shall mean the union of the acting entity and all other entities that control, are controlled by, or are under common control with that entity. For the purposes of this definition, "control" means (i)

the power, direct or indirect, to cause the direction or management of such entity, whether by contract or otherwise, or (ii) ownership of fifty percent (50%) or more of the outstanding shares, or (iii) beneficial ownership of such entity.

"You" (or "Your") shall mean an individual or Legal Entity exercising permissions granted by this License.

"Source" form shall mean the preferred form for making modifications, including but not limited to software source code, documentation source, and configuration files.

"Object" form shall mean any form resulting from mechanical transformation or translation of a Source form, including but not limited to compiled object code, generated documentation, and conversions to other media types.

"Work" shall mean the work of authorship, whether in Source or Object form, made available under the License, as indicated by a copyright notice that is included in or attached to the work (an example is provided in the Appendix below).

"Derivative Works" shall mean any work, whether in Source or Object form, that is based on (or derived from) the Work and for which the editorial revisions, annotations, elaborations, or other modifications represent, as a whole, an original work of authorship. For the purposes of this License, Derivative Works shall not include works that remain separable from, or merely link (or bind by name) to the interfaces of, the Work and Derivative Works thereof.

"Contribution" shall mean any work of authorship, including the original version of the Work and any modifications or additions to that Work or Derivative Works thereof, that is intentionally submitted to Licensor for inclusion in the Work by the copyright owner or by an individual or Legal Entity authorized to submit on behalf of the copyright owner. For the purposes of this definition, "submitted" means any form of electronic, verbal, or written communication sent to the Licensor or its representatives, including but not limited to communication on electronic mailing lists, source code control systems, and issue tracking systems that are managed by, or on behalf of, the Licensor for the purpose of discussing and improving the Work, but excluding communication that is conspicuously marked or otherwise designated in writing by the copyright owner as "Not a Contribution."

"Contributor" shall mean Licensor and any individual or Legal Entity on behalf of whom a Contribution has been received by Licensor and subsequently incorporated within the Work.

2. Grant of Copyright License. Subject to the terms and conditions of this License, each Contributor hereby grants to You a perpetual, worldwide, non-exclusive, no-charge, royalty-free, irrevocable copyright license to reproduce, prepare Derivative Works of, publicly display, publicly perform, sublicense, and distribute the Work and such Derivative Works in Source or Object form.

3. Grant of Patent License. Subject to the terms and conditions of this License, each Contributor hereby grants to You a perpetual, worldwide, non-exclusive, no-charge, royalty-free, irrevocable (except as stated in this section) patent license to make, have made, use, offer to sell, sell, import, and otherwise transfer the Work, where such license applies only to those patent claims licensable by such Contributor that are necessarily infringed by their Contribution(s) alone or by combination of their Contribution(s) with the Work to which such Contribution(s) was submitted. If You institute patent litigation against any entity (including a cross-claim or counterclaim in a lawsuit) alleging that the Work or a Contribution incorporated within the Work constitutes direct or contributory patent infringement, then any patent licenses granted to You under this License for that Work shall terminate as of the date such litigation is filed.

4. Redistribution. You may reproduce and distribute copies of the Work or Derivative Works thereof in any medium, with or without modifications, and in Source or Object form, provided that You meet the following conditions:

- (a) You must give any other recipients of the Work or Derivative Works a copy of this License; and
- (b) You must cause any modified files to carry prominent notices stating that You changed the files; and
- (c) You must retain, in the Source form of any Derivative Works that You distribute, all copyright, patent, trademark, and attribution notices from the Source form of the Work, excluding those notices that do not pertain to any part of the Derivative Works; and
- (d) If the Work includes a "NOTICE" text file as part of its distribution, then any Derivative Works that You distribute must include a readable copy of the attribution notices contained within such NOTICE file, excluding those notices that do not pertain to any part of the Derivative Works, in at least one of the following places: within a NOTICE text file distributed as part of the Derivative Works; within the Source form or documentation, if provided along with the Derivative Works; or, within a display generated by the Derivative Works, if and wherever such third-party notices normally appear. The contents of the NOTICE file are for informational purposes only and do not modify the License. You may add Your own attribution notices within Derivative Works that You distribute, alongside or as an addendum to the NOTICE text from the Work, provided that such additional attribution notices cannot be construed as modifying the License.

You may add Your own copyright statement to Your modifications and may provide additional or different license terms and conditions for use, reproduction, or distribution of Your modifications, or for any such Derivative Works as a whole, provided Your use, reproduction, and distribution of the Work otherwise complies with the conditions stated in this License.

5. Submission of Contributions. Unless You explicitly state otherwise, any Contribution intentionally submitted for inclusion in the Work by You to the Licensor shall be under the terms and conditions of this License, without any additional terms or conditions. Notwithstanding the above, nothing herein shall supersede or modify the terms of any separate license agreement you may have executed with Licensor regarding such Contributions.

6. Trademarks. This License does not grant permission to use the trade names, trademarks, service marks, or product names of the Licensor, except as required for reasonable and customary use in describing the origin of the Work and reproducing the content of the NOTICE file.

7. Disclaimer of Warranty. Unless required by applicable law or agreed to in writing, Licensor provides the Work (and each Contributor provides its Contributions) on an "AS IS" BASIS, WITHOUT WARRANTIES OR CONDITIONS OF ANY KIND, either express or implied, including, without limitation, any warranties or conditions of TITLE, NON-INFRINGEMENT, MERCHANTABILITY, or FITNESS FOR A PARTICULAR PURPOSE. You are solely responsible for determining the appropriateness of using or redistributing the Work and assume any risks associated with Your exercise of permissions under this License.

8. Limitation of Liability. In no event and under no legal theory, whether in tort (including negligence), contract, or otherwise, unless required by applicable law (such as deliberate and grossly negligent acts) or agreed to in writing, shall any Contributor be liable to You for damages, including any direct, indirect, special, incidental, or consequential damages of any character arising as a result of this License or out of the use or inability to use the Work (including but not limited to damages for loss of goodwill, work stoppage, computer failure or malfunction, or any and all other commercial damages or losses), even if such Contributor has been advised of the possibility of such damages.

9. Accepting Warranty or Additional Liability. While redistributing the Work or Derivative Works thereof, You may choose to offer, and charge a fee for, acceptance of support, warranty, indemnity, or other liability obligations and/or rights consistent with this License. However, in accepting such obligations, You may act only on Your own behalf and on Your sole responsibility, not on behalf of any other Contributor, and only if You agree to indemnify, defend, and hold each Contributor harmless for any liability incurred by, or claims asserted against, such Contributor by reason of your accepting any such warranty or additional liability.

END OF TERMS AND CONDITIONS

Warranty Disclaimer

This product contains Open Source Software components which underly Open Source Software Licenses. Please note that Open Source Licenses contain disclaimer clauses. The text of the Open Source Licenses that apply are included in this manual under "Legal Information and Licenses".

Servicekontakte
Service Contacts
Contacts de Service
Contactos de Servicio
Контакты сервисных центров



<https://www.bosch-pt.com/serviceaddresses>

Garantiebedingungen
Guarantee Conditions
Conditions de Garantie
Condiciones de Garantía
Условия гарантии



<https://www.bosch-pt.com/guarantee/202601>